

Бекітемін:

Мектеп директоры: Д.М. Елғондина
«28» тамыз 2021 ж



Тексерілді: *М.Б. Желдибаева*

ОҚЖО: М.Б. Желдибаева
«28» тамыз 2021 ж

Әдістемелік бірлестікте қаралды: *Ә.Е. Ақылбекова*

Ә/Б жетекшісі: Ә.Е. Ақылбекова
«24» тамыз 2021 ж

Перспективалық күнтізбелік жоспар

(Мектепалды даярлық сыныбы)

Қоршаған ортамен таныстыру

Сынып жетекшісі: Желдибаева Марфуға Бактыгулқызы

2021-2022 оқу жылы

Қоршаған ортамен танысу

Түсінік хат

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
- 2.1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген).

Максаты: балалардың қоршаған орта, адамдардың іс-әрекеті жайлы түсінігін кеңейту.

Міндеттері: балаларда жақындарына деген сүйіспеншілік сезімі, оларға қамқорлық көрсету ұмтылысы, туған еліне, қаласына деген бауырмалдық пен оның тарихына қызығушылық таныту сияқты адамгершілік сапаларды тәрбиелеу;

- адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауды, балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту.

Қазақстан Республикасы аумағында тұратын басқа ұлттың адамдарына, олардың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне мейірімділік және құрметтілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Білім беру саласы: Оқумен

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу.

| № | Тақырыбы | ҮОҚ-нің өтпелі тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Уақыты |
|---|--|----------------------------------|---|------------|--------|
| 1 | Заттардың адам өміріндегі маңызы. Заттар неден жасалады? | «Мен кімін және қандаймын?» | Балаларға заттардың адам өміріне маңызы туралы түсінік беру, заттардан жасалатын бұйымдармен таныстыру. Әр заттың маңызы туралы білімдерін кеңейту. Заттардың қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Қызығушылықтарын ояту. | 1 | 2.09. |
| 2 | Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік. | | Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. | 1 | 16.09 |
| 3 | Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. | «Менге не үшін барамын?» | Үлкендердің еңбегі туралы балалардың білімін толықтыру. Балаларды үлкендердің еңбегіне баулу. Қандай маман несі болмасын, оны сыйлауға тәрбиелеу. | 1 | 30.09 |
| 4 | Көшедегі қауіпсіздік. Жол белгілері | | Жаяу жүргіншілер ережесімен таныстырып, жол белгілері туралы түсінік беру. Көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу. Қоғамдық және көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту. | 1 | 7.10 |
| 5 | Нан дастарханға қалай келеді | «Менің айналымда кімдер бар?» | Диханшы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу. Үннен жасалатын тағамдар туралы әңгімелеу. | 1 | 21.10 |
| 6 | Менің Отаным Қазақстан. | | Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет екенін анытып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу. | 1 | 11.11 |
| 7 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері | «Менің айналымда не қоршап тұр?» | Балаларды рәміздермен таныстырып, өз елінің тарихына деген қызығушылықтарын арттыру. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | 25.11 |

| | | | | | |
|----|--|-------------------------------------|---|---|-------|
| 8 | байланыс құралдары. | | байланыс құралдарының қазіргі замандағы ролімен таныстыру. Байланыс құралдарымен ақпарат құралдарының айырмашылығы мен ұқсастығын таба білу, байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың телефонмен қарым-қатынас жасау бағысында әдептілікті сақтауға, мәдениетті болуға, дұрыс жауап беруге баулу. | 1 | 9.12 |
| 9 | Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі | «Жолдар бізді қайла бастайды?» | Тұрмыстық техника туралы түсінік беру. Олардың тұрмысқа қажеттілігі туралы түсіндіру. Оларға ұқыптылықпен қарау керек туралы білімдерін кеңейту. Үлкендерсіз техникаға жақындамау керек екенін ұғындыру. Ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. | 1 | 13.01 |
| 10 | Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктер | | Балаларға көліктер туралы түсінік беру. Олардың үш түрге бөлінетіні туралы айту. Әр көліктің өзіне тән қызметі барын ұғындыру. Жол ережелерін жолда сақтауға білімдерін кеңейту. Көліктерді ажырата біліуге тәрбиелеу. | 1 | 27.01 |
| 11 | Менің елімнің салт-дәстүрлері. | «Салт-дәстүрді білу не үшін керек?» | Қазақтың салт-дәстүрімен таныстыру, әр салт-дәстүрдің ерекшеліктері жайлы білім беру. Өз салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | 11.02 |
| 12 | Жайлау киіз үй | | Балаларға жайлау киіз үй туралы жалпы түсінік беру, ата-бабаларымыздың тұрмысы туралы мәлімет беру. Қоршаған ортаны танып-білуге жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты сүйеге баулу, киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу. | 1 | 3.03 |
| 13 | Еліміздің ірі қалалары | «Мен үшін не дәмді және пайдалы?» | Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру, олардың көрікті жерлерімен таныстыру. Қала мен ауылдың айырмашылықтарын түсіндіру. | 1 | 17.03 |
| 14 | Қазақстан байлықтары мен жетістіктері | | Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. Отан туралы білімдерін кеңейту, еліміздің қалаларымен таныстыру. Туған елге сүйіспеншіліктерін арғыру, отансүйгіштікке баулу. | 1 | 7.04 |

| | | | | | |
|----|-----------------------------|-----------------------------------|---|---|-------|
| 15 | Көп ұлтты Қазақстан | «Мен үшін не дәмді және пайдалы?» | Еліміздің көп ұлтты республика және жердікті ұлт-қазақ халқы екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізу. Әп ұлттың ерекшелігі өздерінің салт-дәстүрлері бар екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізу. Ұлтаралық татулыққа достыққа сыйластыққа баулу. | 1 | 21.04 |
| 16 | Ұлы Отан соғысы ардагерлері | | Балаларды Ұлы Отан соғыс ардагерлерімен таныстыру. Ұлы Отан соғысы және осы соғысқа қатысқан казак батырлары туралы мағлұматтарын кеңейту. Балаларды аға ұрпақтың өсиетін тыңдап адал болып өсуге отансүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 | 5.05 |

Барлығы: 16 сағат